



№36 (8188)
11 қыркүйек
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылоой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhyloloy
ken_jyloi_gazeti

* Президент

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН:

өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Құрметті депутаттар!

Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды.

Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды.

Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап, Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет.

Жалпы, Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін

Қымбатты отандастар!

Құрметті Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты.

Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылық күшейді.

Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ұшыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мән-маңызы кете бастады.

Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің рөлі мен мәртебесіне сай қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болуда.

Экологиялық және техногендік апаттардың кесірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батуда.

Батыстағы этносаралық-дінаралық үйлесім мен мәдени араландық тұжырымдамасы дағдарысқа ұшырады. Жаһандық деструктивті күштер ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің іргесін шайқауда.

Босқындардың саны көбейіп, көші-қон дағдарысы туындады. Адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі саудасы да өршіп тұр.



Бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа сын-қатерлер күллі адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Тіпті жасанды интеллектіні пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтын пайда болды. Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгере бастағанын аңғартатын басқа да факторлар аз емес. Қысқаша айтсақ, әлемде жаңа геосаяси тәртіп орныға бастады.

Қазақстан – әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан.

Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық.

Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Өскекең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет.

Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі, бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық

реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан-жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек.

Баршаңызға мәлім, соңғы жылдары Қазақстанда ауқымды өзгерістер жасалды.

Еліміздің саяси жүйесі анағұрлым озық әрі ашық бола түсті. Азаматтарымыздың сана-сезімі, болмысы өзгеріп жатыр. Соның арқасында халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сенімі нығаюда.

Бірақ алдымызда ауқымды жұмыс бар. Қоғамды жаңғырту үшін әлі де көп шаруа атқаруымыз керек.

Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық.

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр.

Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр

болады.

Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек.

Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет.

Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн.

Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс.

Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек.

Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек.

Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектті енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жоңаша тәсілмен жүргізуіміз керек.

Осы орайда, алдымызда тұрған мынадай маңызды міндеттерге тоқталып өткім келеді.

БІРІНШІ. Елімізге қомақты инвестиция тарту керек.

Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Бірақ қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет.

(Жалғасы 2-3-4-5-беттерде)

* Ана тілің – арың бұл

«Тіл – ұлттық мұра, ұрпаққа аманат»

Жуырда ауданымызда Қазақстан халқы тілдері күні атап өтілді. Жыл сайын қыркүйек айының басында тойланатын мереке биыл да дәстүрден жаңылмай, 5 қыркүйек күні ұйымдастырылды. «Кен Жылыой» мәдениет үйінде өткен «Тіл - ұлттық мұра, ұрпаққа аманат» атты іс-шара аясында бірнеше кәсіпкер мен тіл жанашыры марапатталып, жиын жергілікті өнерпаздардың орындауындағы өнмен жалғасты.

Мерекелік жиынға ұстаздар қауымы мен ардагерлер, аудандық әкімдіктің бөлім басшылары мен аудан тұрғындары қатысты. Шара барысында жүргізушілер мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, қазақ тілін кәсіпкерлер, сондай-ақ елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің ана тілімізге деген құрметін насихаттау бағытында әсерлі ой қозғап, көрерменге тіл мерекесінің мәнін түсіндірді. Еске салсақ, ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, 5 қыркүйек, яғни Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқы тілдері күні болып бекітілді. Заңнамалық деңгейде әрбір азаматқа өз ана тілін үйренуге және дамытуға мүмкіндік берілді, өйткені әрбір тілдің өз тағдыры бар, ол біздің еліміздің басқа тілдерімен де тығыз байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Құрметке лайық емес тіл жоқ. Қазақстанның күші де осында.

Айтулы мерекеге байланысты

ұйымдастырылған шараның шымылдығы ән-жырмен түріліп, өзге ұлт өкілдері Абай туындыларын оқыды. Одан кейін аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Өлібек Науаров құттықтау сөз сөйлеп, мемлекеттік тілдің дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарды марапаттады. Олардың қатарында «Redstar coffee» басшысы Бекет Құлбаев, жеке кәсіпкер Лиза Қасымова, «Айша бибі» мейрамханасының басшысы Мәншүк Жиёмбетова және №16 Д.Жазықбаев атындағы орта білім беретін мектеп мұғалімі Фаридна Сланова бар. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, жеке кәсіптерін қанаша да қазақ тілінде насихаттап жүрген бұл азаматтар бөлім басшысына алғысын білдіріп, мерекеге деген ілтипатын жасырмады.

«Ауданымызда қаншама ұлт өкілдері бар. Байқайтынымыз, олар біздің мемлекеттік тілде сөйлейді. Сөйлемек түгілі, сайрайтындары қаншама?! Әрине,

*бұл олардың тұрғылықты жеріне деген, елге деген және сол жердің азаматтарына деген құрметі шығар. Егер олар біздің ана тілде еркін сөйлесе, онда біздің шала қазақша сөйлеуіміз тіптен ұят қой. Сондықтан қазақ тілінің қолданысына бейжай қарамай, керісінше, ана тілді ардақтауға, сыйлауға жұмыстанайық. Және өзге ұлт өкілдерінің де өз ана тілінде сөйлеуіне түсіністікпен қарайық дегім келеді,-*дейді кәсіпкерлердің бірі Лиза Қасымова.

Иә, тіл мерекесіне арналған бұл игі бастама – жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатуға бағытталған тағылымды шара болды. Мерекелік бағдарлама барысында қазақтың қара домбырасынан төгілген Құрманғазының «Адайы», Абай Құнанбаевтың жырынан бастау алған поэзия, әсем ән мен ұлттық би орындалып, көрерменнің құлақ құрышын қандырды. Ән шырқаған өнерпаздардың орындауындағы «Ана тілі», «Ұлы дала», «Қазақстан», «Отан» әндері мен «Жем аруы» халықтық би ансамблінің ұлттық билері кештің сәнін аша түсті.

Кеш соңында аудан өнерпаздары барша жұртшылыққа ортақ ән – «Атамекенді» қосыла шырқап, мерекелік шараны түйіндеді.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ



№36 (8188)
11 қыркүйек,
2025 жыл

Қосшағыл ауылдық округі әкімі аппараты «Қосшағыл» мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының меңгерушісінің бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

1.Конкурс өткізілетін күні мен орны: 30 қыркүйек 2025 жыл, Қосшағыл ауылдық округі әкімі аппараты.

2.Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, Абылайхан көшесі 12, электрондық пошта: Koschagil_so@mail.ru, анықтамалар үшін телефон: 87123728338.

«Қосшағыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ

Лауазымдық міндеттері:

- шығармашылық, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырады және клуб мүлкінің сақталуын жүзеге асырады;
- елді мекен (ықшамаудан), сондай-ақ жақын маңдағы елді мекен (ауыл, кент) тұрғындары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырады;
- клуб жұмысының жоспарын жасайды, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- көркемөнерпаздар үйірмелері мен бірлестіктердің жұмыстарын ұйымдастырады;
- демалыс кештерін, тақырыптық концерттер, кештер және көпшілік шараларды өткізеді;
- қоғамдық клуб белсенділеріне мәдени-көпшілік шаралар жүргізуде әдістемелік көмек көрсетеді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын; Бюджет кодексі; Еңбек кодексі; "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын; клуб жұмыстарының ұйымдастырылуын.

Қойылатын талаптар:

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім және/немесе ғылым және/немесе архив ісі және/немесе экономика және/немесе құқық саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Конкурсқа қатынасу туралы өтініштер 2025 жылғы 11 қыркүйектен бастап 23 қыркүйекті қоса алғандағы мерзім аралығында қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі:

- 1)Өтініш қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндемемен қоса;
- 2)Нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны куәландыратын құжат

көшірмесі;

3)Нотариалды куәландырылған білімі туралы құжат көшірмесі, қосымшасымен бірге;

4)Нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;

6) зейнетақы аударымдары туралы құжаттар.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданбайды:

- 1) он сегіз жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыйбалас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер адамдардан құжаттар қабылдау басталатын күн бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап айқындалады. Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар үшін құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы жарияланған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні өткен соң аяқталады.

Біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде Комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған адамды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген адамдардың тізімі бекітілгеннен кейін Комиссия әңгімелесу өткізу кестесі орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

Бір бұрылып қарасак өткен күнге, Толғанамыз, толқимыз жұртпен бірге. Ағайын мен бауырдан арылтып жүз, Жыл да болды, өжеңе, кеткеніне. Қиындығын көрмеген жанға ашып, Біздер үшін батыр ед, сұлбасы алып. Қанша уақыт өтсе де, ортамыздан, Қамқор жанның орны толмасы анық. Жүзіндегі күлкіден жылды адам, Сені жұрт момын десе шын иланам. Немере мен жинге шын қуанған, Қол үзем деп өзіңнен кім ойлаған? Арманыңды ысырып маған аппақ, Жете алсақ қой өзіне қалам атпап. Бізді жебеп жүргейсің, біз өзінді, Жаратқанға тапсырдық аманаттап. Кете барған келместің кемесінде, Есіміңіз қауымның мәңгі есінде. Шақырады ел-жұртты әулетіміз, Өкеміздің еске алу қалесіне.



Ардақты өке, асыл жар, кимас бауыр, немере-жыендерінің сүйікті атасы

ШАУХАРОВ МАРАТ ЖАЙЫҚҰЛЫНЫҢ

рухына бағышталған жылдық еске алу қалесі 20 қыркүйек, сағат 10:00-де беріледі.

Мекен-жайымыз: Құлсары қ-сы, Майлықожа ақын к-сі., №231 үй Шақырушы: Шаухаровтар әулеті

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 14.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 22.07.2025 жылы қайтыс болған аз. Құрманбаев Жұмабай Бисенбаевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНТС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кенсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңесінің нотариусы Шағатаева А.К. (лиц.№0001206 ҚР Әділет министрлігімен 14.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 21 шілде 2025 жылы қайтыс болған аз. Исатаев Аликбек Наурызович атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 11-үй, №2 пәтер. Тел.: 8 775 171 53 02.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңесінің нотариусы Қуанышева Назгул Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 09 тамыз 2025 жылы қайтыс болған аз. Кабаков Абай Искенбаевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: Әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар: «Қырымқұлдық көп орнын кеңейту жобасы. Атырау облысы. Жылыой ауданы» ҚОҚБ
2. Блқпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаттары 147°31'00"с.е. 54°36'00"ш.б.; 247°32'00"с.е. 54°37'57"ш.б.; 347°31'40"с.е. 54°39'44"ш.б.; 447°30'40"с.е. 54°41'29"ш.б.; 547°29'44"с.е. 54°41'41"ш.б.; 647°28'51"с.е. 54°41'09"ш.б.; 747°27'86"с.е. 54°40'00"ш.б.; 847°27'10"с.е. 54°38'38"ш.б.; 947°27'15"с.е. 54°36'50"ш.б.; 1047°27'29"с.е. 54°35'54"ш.б.; 1147°28'30"с.е. 54°34'05"ш.б.; Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағында жүргізілетін болады (47°29'20.45"с.е. 54°38'29.73"ш.б.).
3. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 16 қазанда сағат 10:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақкиттоғай а. о. Ақкиттоғай а., Мемлекет Сатыбалдиева к., 1 ғимарат мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Неміс есту аппараттары сатылады. Тел.: 8-701 101 05 91.

Лицензия №КЗ60UBC00000788-28.07.2014 ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы.

«Болашақ» ы/ауд, 19-көше, №31 үй, жер телімі-0,1 га және 9-көше, №11 үй, жер телімі-0,1 га Жаңа Қаратон кентінің №4 кварталындағы №102 үй, жер телімі-0,1013га-жер телімдері сатылады. «Мұнайшылар» ы/ауданындағы №178, 2 қатарлы тұрғын үй қоттеджі, гараж, жерімен сатылады.

Тел: 8-702 458 43 53.

4-ауыл, Автомектепке қатарлас, «Жанат» дүкеніне қарама-қарсы, Қараманов көшесі, №550 үй жиһаздарымен келісім бойынша сатылады.

Тел.: 8-701 324 48 48.

Атырау облысында «Жылыойгаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихат депутаттары, жергілікті билік органдардың, табиғи монополия субъектісінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғаларды «Жылыойгаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тауарлық газды Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін газ таратушы жүйелер арқылы тасымалдау реттеліп көрсетілетін қызметіне 2026-2030 жылдарға тарифін және тарифтік сметасының жобасын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылды. Жария тыңдаулар 2025 жылғы 21 қазанда сағат 11-00-де, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы 54, сондай-ақ параллельді түрде Facebook әлеуметтік желісі арқылы Департаменттің ресми парақшасында онлайн-режимде өтеді (https://www.facebook.com/share/19DX5LmY1n/?mibextid=wwXlfr).

Жария тыңдауға қатысу үшін жоғарыда көрсетілген сілтеме бойынша кіруге болады. Әрбір тұтынушы онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8 (7122) 21-10-39.

«Жылыойгаз» ЖШС-ның телефоны: 8 (71237) 7-90-50.

Аппарат акима Косчагильского сельского округа объявляет конкурс на занятие вакантной должности руководителя коммунальным государственным казенным предприятием дом культуры «Косчагил»

1.Дата и место проведения конкурса: 30 сентября 2025 года, Аппарат акима

Косчагильского сельского округа. 2.Жылыойский район, село Косчагил, улица Абылайхана, 12, электронная почта:

Koschagil_so@mail.ru, телефон для справок: 87123728338, ГУ «Аппарат акима Косчагильского сельского округа»

Должностные обязанности:

- осуществляет творческую, финансово-хозяйственную деятельность и обеспечивает сохранность имущества клуба;
- организует культурно-просветительную работу среди жителей населенного пункта (микрорайона), а также близлежащих населенных пунктов (сел, поселков);
- составляет план работы клуба, утверждает и обеспечивает его выполнение;
- организует работу кружков художественной самодеятельности и объединений;
- проводит вечера отдыха, тематические концерты, вечера и массовые мероприятия;
- оказывает методическую помощь активу общественных клубов в проведении культурно-массовых мероприятий.

Должен знать:

Конституцию РК; Бюджетный кодекс; Трудовой кодекс; законы Республики Казахстан "Об авторском праве и смежных правах", "О культуре", "О государственном имуществе", "О противодействии коррупции", "О

государственных закупках". организацию клубной работы.

Требования к квалификации:

высшее (или послевузовское) образование по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа) и стаж работы в сфере культуры и/или образования и/или науки и/или архивного дела и/или экономики и/или права не менее 3 лет, либо не менее 2 лет для лиц, завершивших обучение по программам послевузовского образования в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утверждаемым Рабочим органом, и для лиц, имеющих ученую степень по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

Перечень документов для участия в конкурсе:

- 1) заявление с резюме на государственном и русском языках;
- 2) нотариально засвидетельствованная копия документа, удостоверяющего личность;
- 3) нотариально засвидетельствованная копия документа об образова-

нии с приложением;

4) нотариально засвидетельствованная копия трудовой книжки;

5) пенсионных отчислениях и о трудовой деятельности.

Для участия в конкурсе не принимаются следующие лица:

- 1) моложе восемнадцати лет;
- 2) ранее совершившие коррупционное преступление;
- 3) имеющее непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;
- 4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Дата приема документов от кандидатов для участия в конкурсе определяется со следующего рабочего дня после даты опубликования объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации. Срок приема документов от кандидатов для участия в конкурсе заканчивается через 7 (семь) рабочих дней после даты опубликования объявления о проведении конкурса.

При соответствии лица, представившего документы, квалификационным требованиям Комиссия в течение 2 (двух) рабочих дней со дня окончания срока приема документов принимает решение о допуске к участию в конкурсе. После утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе, Комиссия в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня опубликования графика собеседований проводит собеседования с участниками.

2025 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН «АТЫРАУ-ЖАРЫҚ» ЖШС ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТУ БАҒАСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Атырау-Жарық» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің дәлелді қорытындысы мен 28.08.2025ж. № 23-03-13/598-И және № 23-03-13/599-И хаты негізінде 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап тұтынушы үшін электр энергиясын сату бағасы енгізілетінін хабарлайды:

| | Өлшем бірлігі | КҚС-сыз бағасы | КҚС-мен бағасы |
|---|----------------|----------------|----------------|
| Электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндіруге және көрсетілетін қызметтерді ұсынуға байланысты емес басқа мұқтаждары мен жарықтандыру үшін пайдаланатын тұтынушылар (тұрғындар) | тенге/кВт/сағ. | 22,29 | 24,96 |
| оның ішінде: жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына сараланған тарифтер | | | |
| Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін: | | | |
| 1 деңгей – 1 тұрғынның тұтыну көлемі – 110кВт/сағ., жалғыз тұратын зейнеткерлер – 130кВт/сағ. | тенге/кВт/сағ. | 21,12 | 23,65 |
| 2 деңгей – 1 тұрғынның тұтыну көлемі – 110-нан 190кВт/сағ. дейін, жалғыз тұратын зейнеткерлер – 130-190кВт/сағ. аралығында | тенге/кВт/сағ. | 26,75 | 29,96 |
| 3 деңгей – 1 тұрғынның тұтыну көлемі – 190кВт/сағ. көп | тенге/кВт/сағ. | 33,44 | 37,45 |
| Электр плитасын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін: | | | |
| 1 деңгей – 1 тұрғынның тұтыну көлемі – 90 кВт/сағ. жалғыз тұратын зейнеткерлер – 110кВт/сағ | тенге/кВт/сағ. | 20,74 | 23,23 |
| 2 деңгей – 1 тұрғынның тұтыну көлемі – 90-нан 170кВт/сағ. дейін, жалғыз тұратын зейнеткерлер – 110-170кВт/сағ. аралығында | тенге/кВт/сағ. | 26,75 | 29,96 |
| 3 деңгей – 1 тұрғынның тұтыну көлемі – 170кВт/сағ. көп | тенге/кВт/сағ. | 33,44 | 37,45 |